

Жалғыз акционердің шешімімен –
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті төрағасының
2025 жылғы 14.01.№ 1-кн бұйрығымен



**«ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ САРАПТАМА
ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Астана қаласы, 2025 жыл

1. ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1. Осы «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Жарғыға және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) мәртебесін, оның құзыретін, оның мүшелерін таңдау тәртібін, Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

3. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционері – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің (бұдан әрі – Жалғыз акционер) айрықша құзыретіне заңмен және Қоғам Жарғысымен жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

4. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне, осы Ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

5. Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру мен қоғам қызметіне жауапты қағидаттары негізінде құрылады.

6. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

7. Ешбір адамның (немесе адамдар тобының) директорлар Кеңесінің шешім қабылдауына шектеусіз құқықтары болмауы тиіс.

8. Директорлар кеңесінің төрағасы өз міндеттерін тұрақты негізде орындайды. Директорлар Кеңесінің басқа мүшелері (бұдан әрі – Директорлар) өкілеттіктерді қажеттілігіне қарай жүзеге асырады.

2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

9. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамды дамыту стратегиясын айқындау немесе Қоғамды дамыту жоспарын бекіту;

2) Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

2-1) Заңның 16-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда Қоғамның акцияларын немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдауы;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ережелерді бекіту;

6) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма төрағасының орынбасарларын және Қоғамның Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Басқарма төрағасының және Қоғамның Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындау;

9) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушыны айқындау;

12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты қалыптастыру және бекіту. Директорлар Кеңесінің бекітуіне жататын саясаттар мен құжаттардың тізбесін ол дербес айқындайды.

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдауы;

15) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

17) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

18) Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес, Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мүдделілігі бар ірі мәмілелер мен мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

19) заңға және Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің, Басқарманың және Басқарма Төрағасының айрықша құзыретіне жататын шешімдерді қоспағанда, Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарда көзделген шешімдерді қабылдау;

20) Қоғамның штат санын және ұйымдық құрылымын бекіту;

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерді тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттігін тоқтату, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің жұмыс тәртібін, еңбекақы төлеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерге сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

22) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер туралы ережені, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің қызметін және қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды реттейтін басқа да ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;

23) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың жылдық жоспарын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің жылдық жұмыс жоспарын бекіту;

24) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің қызметі туралы есепті бекіту;

25) Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

10. Директорлар кеңесі:

1) Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасайды, стратегиялық мақсаттарды айқындайды және Қоғам қызметінің ұзақ мерзімді перспективаға негізгі бағдарларын белгілейді;

2) Қоғамның атқарушы органының (бұдан әрі – Басқарма) қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

11. Директорлар кеңесі өз құзыретіне заңмен және Қоғамның Жарғысымен белгіленген өзге де мәселелерді шешуге құқылы.

12. Директорлар кеңесі Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттардың тізбесін бекітеді.

13. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Басқарма төрағасының және Қоғамның басқа да лауазымды адамдардың шешіміне берілмейді.

14. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Басқарма төрағасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

15. Директорлар кеңесі өз қызметін бағалау тетігін әзірлей алады, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау әдістері мен критерийлерін жасап, үнемі қайта қарай алады.

15-1) Директорлар кеңесі:

1) лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалау және мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамда корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

16. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау тәртібі, өкілеттік мерзімі Заңмен, Жарғымен және осы Ережемен белгіленеді.

17. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үшеу болуы тиіс. Директорлар кеңесінің сандық құрамын Қоғамның Жалғыз акционері айқындайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

18. Директорлар кеңесінің мүшелерін Қоғамның Жалғыз акционері үш жылға дейінгі мерзімге сайлайды.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуы қажет.

19. Бір адам қатарынан тоғыз жылдан астам уақытқа директорлар Кеңесіне сайлана алмайды.

Мұндай адамды тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға Директорлар кеңесіне оның құрамында тоғыз жыл жұмыс істегеннен кейін жыл сайын сайлау жүргізілуі тиіс болған ерекше жағдайда ғана жол беріледі.

20. Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттар туралы жеткілікті деректер ұсынылуы тиіс, бұл Жалғыз акционерге оларды сайлау туралы ақпараттандырылған шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

21. Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттардың Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін Директорлар кеңесінің міндеттерін орындау және тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және іскерлік және/немесе салалық ортадағы мінсіз беделі болуы тиіс.

22. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді және Жалғыз акционер директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.

23. Тұлға:

1) жоғары білімі жоқ болса;

2) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылығы бар болса;

3) бұрын банкроттық, консервациялау, санациялау, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу, белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде осы адамның басшылығы кезінде банкрот деп танылған немесе консервациялауға, санациялауға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған басқа заңды тұлғаның басшы қызметкері болып табылған жағдайларда Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алмайды.

Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейінгі бес жыл ішінде қолданылады.

24. Егер Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта өз төрағасын Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қайта сайлауға құқылы.

25. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Қоғамның Жарғысында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

26. Қоғамның Басқарма төрағасы өз өкілеттігін аяқтамай тұрып Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

27. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасында және Жарғыда көзделген тәртіппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға (шақыруды талап етуге);

2) Директорлар кеңесі қарайтын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін айтуға (Директорлар Кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі өз көзқарасын (ерекше пікірін) жазбаша нысанда баяндауға);

3) Директорлар кеңесінің отырыстарына, Директорлар кеңесінің бекітілген күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға;

4) Қоғамның кез келген бөлімшелерінде және қызметтерінде Қоғамның қызметіне қатысты кез келген ақпаратты алуға;

5) Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету жолымен өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

6) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ерекше пікір енгізуге;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасында және Жарғыда көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

28. Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның Жарғысына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да құқықтарға ие.

29. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) өз міндеттеріне адал атқаруға;
- 2) Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін тиісті ұқыптылықпен әрекет етуге және Қоғамның мүддесі үшін объективті шешім қабылдауға;
- 3) Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуға;
- 4) Қоғам қызметі туралы өздеріне белгілі болған құпия ақпаратты жария етпеуге міндетті.

30. Директорлар кеңесінің мүшесі, егер оған Директорлар кеңесі рұқсат бермесе, Қоғаммен бәсекелес кәсіпорындарды құруға немесе олардың қызметіне қатысуға құқы жоқ.

31. Директорлар кеңесі мүшелерінің басқа ұйымдардың (қоғамдық бірлестіктерді, кәсіптік одақтар мен саяси партияларды қоспағанда) басқару органдарында лауазымдарды қоса атқаруына Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана жол беріледі (мемлекеттік қызметшілер болып табылатын директорларды қоспағанда).

32. Директорлар кеңесінің мүшелерінің Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның өзге де басқару органдарының шешімдер қабылдауына ықпал еткені үшін сыйақыны тікелей немесе жанама алуына құқы жоқ.

5. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

33. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Қоғамдағы Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңестерінің жанынан аудит, Стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі мәселелерді, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелерді қарау құзыретіне кіретін комитеттер құрылуы мүмкін. Қажет болған жағдайда, инвестициялық шешімдер қабылдаудың тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің бірінің құзыретіне Қоғамның инвестициялық қызметіне байланысты мәселелер енгізіледі, оларды қарау Директорлар кеңесінің құзыретіне кіреді. Комитеттің сандық құрамы кемінде 3 (үш) адамды құрайды.

34. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.

35. Комитеттер Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер аясында егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

36. Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу мақсатында қажет болған жағдайда мынадай комитеттер құруға құқылы:

Стратегиялық жоспарлау комитеті;

Қаржы және аудит жөніндегі комитет;

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет.

37. Барлық комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін, комитет мүшелерінің құрамы, құзыреті, сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтитын ішкі құжаттармен реттеледі. Жалғыз акционер Комитеттер туралы ережемен таныса алады.

38. Комитеттің жұмысын ұйымдастыру үшін Комитет немесе Директорлар кеңесі қоғам қызметкерлерінің арасынан Комитеттің хатшысын тағайындайды. Комитет хатшысы комитет отырыстарын дайындауды, отырыстарға материалдарды жинауды және жүйелеуді, комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға Комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберуді, отырыстарды хаттамалауды, Комитет шешімдерінің

Ж.Мұрағиев

жобаларын дайындауды, сондай-ақ кейін барлық тиісті материалдарды сақтауды қамтамасыз етеді.

39. Директорлар кеңесі Комитеттер құру туралы шешім қабылдайды, Комитеттердің құрамын, мерзімдері мен өкілеттіктерін айқындайды.

Комитеттер комитетте жұмыс істеу үшін кәсіби білімі, құзыреті және дағдылары бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен құралады. Комитеттер құрамын қалыптастыру кезінде ықтимал мүдделер қақтығысының болуы назарға алынады. Комитет төрағалары кәсіби құзыреттерімен қатар ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерге, Комитет қызметін тиімді ұйымдастыру үшін жақсы коммуникативтік дағдыларға ие болуы тиіс. Қоғамның Басқарма төрағасы Комитеттің төрағасы бола алмайды.

40. Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері белгіленген тәртіппен Қоғамның тиісті жылға арналған бюджетінде көзделген қаражат шеңберінде сыртқы сарапшылар мен консультанттардың қызметтерін пайдалануға құқылы.

41. Комитеттер өз жұмыс жоспарын бекітеді, ол Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарымен келісіледі, отырыстардың күн тәртібі мен айлары мәселелерінің атаулары көрсетіледі. Комитеттердің отырыстарын өткізу кезеңділігі жылына кемінде төрт отырысты құрайды. Комитеттердің отырыстары күндізгі немесе сырттай нысанда, күндізгі отырыстың хаттамасын немесе сырттай отырыстың шешімін рәсімдей отырып өткізіледі. Комитеттердің отырыстарын өткізуге қолайлы жағдайлар жасау және шығындарды қысқарту мақсатында Комитет мүшелерінің техникалық байланыс құралдары арқылы қатысуына жол беріледі.

42. Комитет төрағалары өз қызметі туралы есеп дайындайды және Директорлар кеңесіне бір жылдағы қызметінің қорытындылары туралы есеп береді. Директорлар кеңесі жыл ішінде кез келген уақытта Комитеттерден ағымдағы қызмет туралы есепті Директорлар Кеңесі белгілеген мерзімдерде ұсынуды талап етуге құқылы.

6. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

43. Директорлар кеңесінің мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыруда және міндеттерін орындау кезінде Қоғамның мүддесі үшін әрекет етуге, өз құқықтарын жүзеге асыруға және Қоғамға қатысты міндеттерін адал және орынды атқаруы тиіс.

44. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, өздерінің кінәлі әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) Қоғамға келтірілген залалдары үшін Қоғам алдында жауапты болады.

Бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесінде Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған мүшелер жауапты болмайды.

45. Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігінің негіздері мен көлемін айқындау кезінде іскерлік айналымның әдеттегі шарттары және жұмыс үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар назарға алынуға тиіс.


46. Егер осы бөлімнің ережелеріне сәйкес бірнеше адам жауапты болса, олардың Қоғам алдындағы жауапкершілігі ортақ болып табылады.

47. Қоғам немесе Қоғамның Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің мүшесіне Қоғамға келтірілген залалды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

48. Директорлар кеңесі Жалғыз акционермен тиісті диалогты қамтамасыз етуге жауапты.

49. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің құрамында қызметін тоқтатқаннан кейін бұрынғы директорлардың Қоғам бойынша ішкі (қызметтік) ақпаратты жарияламауы бойынша ескіру мерзімін айқындайды.

7. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ТОҚТАТУ



50. Қоғамның Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

51. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату үшін мынадай мән-жайлар негіз болып табылады:

- 1) Директорлар кеңесі мүшесінің іс-әрекеттерімен Қоғамға елеулі залалдар келтіру;
- 2) Қоғамның іскерлік беделіне нұқсан келтіру;
- 3) қасақана қылмыстық іс жасау;
- 4) Қоғамның қатысуымен мәміле жасауға өзінің мүдделілігін жасыру;
- 5) өз міндеттерін жосықсыз орындау;
- 6) Қоғам Жарғысының ережелерін, сондай-ақ Акционерлік қоғамдар туралы, оның ішінде Қоғам шығаратын бағалы қағаздардың айналысына қатысты заңнама нормаларын бұзу;
- 7) басқа шаруашылық қоғамдардың және өзге де заңды тұлғалардың (қоғамдық бірлестіктерге, кәсіптік одақтар мен саяси партияларға қатысуды қоспағанда) басқару органдарының жұмысына өзінің қатысуы туралы ақпараттан Директорлар кеңесінің хабарсыз болуы, Қоғамның Жарғысында және заңда тікелей белгіленген – Қоғамның Жалғыз акционерінің хабарсыз болуы;
- 8) Заңмен, Жарғымен және Қоғамның өзге де құжаттарымен және шешімдерімен жол берілетін жағдайларды қоспағанда, Қоғамның мүлкіне билік етуден жеке басының пайдасын көру;
- 9) Директорлар кеңесінде жұмыс істеген кезеңде Қоғаммен бәсекелес шаруашылық қоғамдар және басқа да коммерциялық ұйымдар құру.

52. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері басқа негіздер бойынша да тоқтатылуы мүмкін.

53. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған және Қоғамның Жалғыз акционері тиісті шешім қабылдаған кезден бастап тоқтатылады.

8. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫ

54. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу жөніндегі ішкі рәсімдерді ұстанады.

Бұл рәсімдер Директорлар кеңесі отырысы қызметінің барлық қажетті параметрлерін реттеуге тиіс.

55. Директорлар Кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде үш айда бір рет өткізіледі.

56. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу дауыс берудің нақты нысанын таңдау негіздемесімен күндізгі (онлайн форматта) немесе сырттай нысандарда қарастырылады.

57. Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстары неғұрлым тиімді болып табылады. Бетпе-бет отырыстар Қоғам қызметі бойынша аса маңызды, түйінді, стратегиялық шешімдер бойынша мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау кезінде міндетті.

Мұндай мәселелердің нақты тізбесін Директорлар кеңесі бекітеді.

58. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі отырысының екі нысаны да біріктірілуі мүмкін. Бұл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшелерінің (30% - дан аспайтын) Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі болмайтын жағдайға байланысты болмақ. Бұл ретте Директорлар кеңесінің бетпе-бет қатыса алмаған мүшесі техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады және өз пікірін жазбаша нысанда беруге тиіс.

59. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы өзінің бастамасы бойынша немесе Қоғамның Басқарма төрағасының бастамасы бойынша, сондай-

ақ Директорлар кеңесінің, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің кез келген мүшесінің талабы бойынша шақырады.

60. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

61. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Басқарма төрағасы (Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда) шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

62. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің белгілеген отырысы туралы оны өткізу күнінен кемінде үш күн бұрын жазбаша хабардар етіледі.

Директорлар Кеңесінің мүшесі директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

Кейінге қалдыру мүмкіндігі болмаған жағдайларда Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша хабарламасынсыз дереу шақырылуы мүмкін.

63. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, оның жұмысын және отырыстарында хаттама жүргізуді ұйымдастырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

64. Директорлар кеңесінің отырыстарына Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, ол заңды болады.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Жарғыда көзделген санның жартысынан аз болған жағдайда, Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа құрамын дереу сайлауға міндетті.

65. Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауысын Директорлар Кеңесінің басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

66. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар Директор осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына тиісті жазба жасалады.

67. Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Директорлар Кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

68. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіпте (бейнеконференция сессиясының режимінде) өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен рәсімделеді, ол өткізілген 3 күннен кешіктірілмей жасалуы тиіс.

Хаттамада:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыс өткізілетін күн, уақыт және орын;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) отырысқа қатысып отырған сөз сөйлеушілердің негізгі ережелері;
- 6) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 7) шешім қабылдау;
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтерді қамтиды.

Хаттамада басқа да қажетті ақпарат болуы мүмкін.

69. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына отырыста төрағалық етуші қол

қояды, ол хаттаманың дұрыс жасалуына Қоғамның Корпоративтік хатшысымен жауапты болады.

70. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру (сауалнама жолымен) арқылы да қабылдануы мүмкін.

71. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастамашылық жасауға құқығы бар адамдардың бастамасы бойынша өткізіледі.

Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар Кеңесінің төрағасына (ал сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда - Қоғамның атқарушы органына) жазбаша нысанда жіберіледі және дауыс беруге қойылған нақты және біржақты тұжырымдалған мәселені (мәселелерді) қамтуға тиіс.

72. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге шығарылған мәселелер (мәселе) бойынша бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер мен материалдар Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірілмей жіберіледі (таратылады).

73. Бюллетеньде мыналар болуы керек:

- 1) Қоғамның толық атауы;
- 2) отырысты өткізу бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні;
- 4) дауысқа қойылған нақты және біржақты тұжырымдалған мәселелер (сұрақтар);
- 5) «иә», «жоқ», «қалыс қалды» деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетеньді толтыру тәртібі бойынша түсіндірулер.

74. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады.

75. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып, жазбаша түрде рәсімделуі тиіс және оған Директорлар кеңесінің төрағасы (сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда – Қоғам Басқармасының Төрағасы) және корпоративтік хатшы қол қояды.

Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.

76. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттамадан үзінді көшірмелер мен Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен және Қоғамның мөрінің бедерімен куәландырылған шешімдерді беруге міндетті.

77. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері Қоғам мұрағатында сақталады.

Қоғам Директорлар кеңесінің барлық маңызды шешімдерді қабылдағанын көрсететін мысалы, ірі мәмілелерді мақұлдау сияқты отырыстың аудиожазбасын сақтайды.

9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

78. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның жарғысына, Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, барлық мүдделі тұлғалар үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақыларының мөлшері туралы мәліметтерді ашады.

79. Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңінде сыйақы Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша төленеді.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатады.

80. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның директорлар Кеңесі туралы ережеге сәйкес директорлар Кеңесінде жұмыс істегені үшін сыйақы алмайды.

81. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы, мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелерінен басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғаммен еңбек шартын жасасқан және өткен қаржы жылы үшін Қоғам пайда көрген жағдайда, Жалғыз акционер айқындайтын мөлшерде Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін жылдық сыйақы нысанында жүзеге асырылады.

82. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, жұмыс қорытындылары бойынша жылдық сыйақы Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарған нақты күндерінің нақты саны бойынша пропорционалды түзетуге жатады.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

83. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын және (немесе) Жарғыны өзгерту нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары оларға қайшы келсе, Ереженің осы нормаларының күші жойылады және Ережеге өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және (немесе) Жарғыны басшылыққа алады.

84. Осы Ереже Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен күннен бастап күшіне енеді. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша енгізіледі. Ереже оның Жалғыз акционері күші жойылды деп таныған кезде немесе Директорлар кеңесі туралы ереже жаңа редакцияда бекітілген жағдайда өзінің қолданылуын тоқтатады.